КЕЛІСІЛДІ
«Қарағанды қаласы
білім бөлімі» ММ
басшысы
_____ Е.Әшім
28.08.2026 ж.

БЕКІТІЛДІ
«№14 мектеп-гимназиясы» КММ
директоры
_____ О.Аринов
31.08.2026 ж.

Қарағанды облысы білім басқармасының
Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«№14 мектеп-гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2026-2027 оқу жылына арналған
ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ

Қарағанды, 2026

Түсінік хат

2026-2027 оқу жылында «№14 мектеп-гимназиясы» КММ білім беру процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» және т.б. заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс

«№14 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс оқу жоспары келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- ✓ «Қазақстан Республикасының Конституциясы» 2026 жылы 15 наурызда қабылданған Конституциясы;
- ✓ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- ✓ «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ;
- ✓ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ;
- ✓ Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 мамырдағы «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы;
- ✓ «Келешек мектептері» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысы;
- ✓ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы;
- ✓ «2026 – 2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 56 қаулысы;
- ✓ «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы;
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы;
- ✓ «Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 576 қаулысы;
- ✓ Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы;
- ✓ «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жөніндегі пилоттық жоба туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 5 маусымдағы № 159-НҚ бұйрығы;
- ✓ «Орта білім беру ұйымдарында 2026-2027 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу

мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 29 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2026 жылғы 2 қазандағы № 289-НҚ бұйрығы;

✓ «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

✓ «Оқыту тілін қосымша қолдауды қажет ететін, қазақ тілінде оқитын бірінші сыныптардың білім алушыларына арналған бейімдеу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 24 ақпандағы № 47-НҚ бұйрығы;

✓ «Оқыту тілін қосымша қолдауды қажет ететін, қазақ тілінде оқитын бірінші сыныптардың білім алушыларына арналған бейімдеу бағдарламасын ендіру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 143-НҚ бұйрығы;

✓ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығы;

✓ «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы»» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы;

✓ «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 бұйрығы;

✓ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі біліім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманыңнысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы;

✓ «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы;

✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы;

✓ «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;

✓ «Орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, оның ішінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларында, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған кезде қашықтан оқыту бойынша және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығы;

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

✓ «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы;

✓ «Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернатколледждерін және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы;

✓ «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы;

✓ «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық

жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығы;

✓ «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы;

✓ «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

✓ «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы;

✓ «Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 532 бұйрығы;

✓ «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;

✓ «Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына (ғылыми жарыстарға) қатысушылар құрамын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 45 бұйрығы;

✓ «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтарінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығы;

✓ «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығы;

✓ **«2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат** (Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2026ж).

2026–2027 оқу жылында білім беру процесінде мынадай бағыттарға басымдық беріледі:

Педагогтің кәсіби қызметін қолдау. Педагогке көрсетілетін әдістемелік қолдау күнделікті тәжірибеде туындайтын мәселелерді шешуге және оқыту тәсілдерін жетілдіруге бағытталады. Сонымен қатар педагогтердің артық есептілігін азайту, сабақты сапалы ұйымдастыруына және әрбір білім алушымен нәтижелі жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасауға мән беріледі.

Білім сапасындағы алшақтықты азайту. Әрбір білім алушының тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы білім алуына және қабілетін дамытуына жағдай жасауға басымдық беріледі. Осы мақсатта қала мен ауыл мектептері арасында тиімді педагогикалық тәжірибелерді таратуға, білім алушылардың оқудағы қиындықтарын уақтылы анықтауға және қажетті қолдау көрсетуге назар аударылады;

«Келешек мектептерінде» озық тәжірибелерді апробациялау және тарату. «Келешек мектептері» білім беру мазмұнындағы жаңа тәсілдер мен педагогикалық тәжірибелерді апробациялау алаңы ретінде қарастырылады. Апробацияны әдістемелік сүйемелдеуге, оның нәтижелерін зерделеуге және тиімділігі дәлелденген тәжірибелерді басқа білім беру ұйымдарына таратуға мән беріледі.

Жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне енгізу. Жасанды интеллектіні білім беру процесінде қолдану білім алушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше ізденуіне, ақпаратты сыни бағалауына және алған білімін тәжірибеде қолдануына мүмкіндік береді. Бұл ретте жасанды интеллектіні қауіпсіз, жауапты және этикалық тұрғыдан қолдануға, алынған ақпараттың дұрыстығын тексеруге және академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға ерекше назар аударылады.

Балалардың құқықтарын қорғау және әл-ауқатын қамтамасыз ету. Әрбір білім алушының қауіпсіздігін, құқықтарының сақталуын және жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға басымдық беріледі. Осы бағытта балаларға психологиялық қолдау көрсетуге, олардың жеке қажеттіліктерін ескеруге, инклюзивті білім алуға жағдай жасауға және цифрлық ортадағы ықтимал қауіптерден қорғауға ерекше назар аударылады.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде білім мен тәрбиенің бірлігін нығайту. Мектеп, отбасы және қоғамның бала тәрбиесіндегі өзара ынтымақтастығын нығайтуға басымдық беріледі. Конституциялық құндылықтарды, отаншылдықты, адалдықты, еңбекқорлықты, заңға бағыну мен экологиялық жауапкершілікті білім алушылардың бойына сіңіру білім беру мазмұны мен күнделікті мектеп өмірінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Бұл 3 бағыттағы жұмыс кітап оқу мәдениетін дамыту, ғылымға қызығушылықты арттыру және қоғамдық өмірге жауапкершілікпен қатысу дағдыларын қалыптастырумен ұштастырылады.

Аталған бағыттар оқу-тәрбие процесінде өзара сабақтастықта жүзеге асырылады. Оларды іске асыру білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға, өз бетінше ойлауына, алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдануына және жауапты шешім қабылдауына бағытталады. Осыған орай, білім беру процесін әрбір білім алушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастыру және оның тұлғалық, зияткерлік әрі әлеуметтік дамуына жағдай жасау маңызды.

Жұмыс оқу жоспары педагогикалық кеңестің отырысында талқыланды *(2026 жылғы 31 тамыздағы №1 хаттама)*.

Мектепалды сынып

«№14 мектеп-гимназиясы» КММ жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414
3. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360
4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
5. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293
6. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345
7. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
8. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық түзеу арқылы қолдаутуралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_

9. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

10. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137

11. «Қазақстан балалары» 2026–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы adilet.zan.kz/kaz/docs/P2600000056

12. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031

13. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275

14. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235

15. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329

16. Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469

17. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166

18. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029323

19. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227

20. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_

21. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272

22. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883

23. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708

24. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317

25. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619

26. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584

27. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239

28. «Үздік педагог» атағын беру қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020472

29. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317

30. Педагогтік қайта даярлау қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020147

31. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031053

32. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005229_

33. Оқытудың кредиттік технологиясын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138

34. Оқытудың кредиттік технологиясын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016137

35. Өрт қауіпсіздігі қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867 33.

36. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414

37. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламалары adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618

38. Жоспарлы профилактикалық егулерді алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидалары және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейі (ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-289/2020 бұйрығы) adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021832

39. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің қызмет ету қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің № 92 бұйрығы) adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036047

2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты.

2026 жылғы «31» тамыздағы «№14 мектеп-гимназиясы» КММ педагогикалық кеңесінің № 1 хаттамасы, «Педагогикалық кеңестің 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарының жобасын қарауы туралы».

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы балаларға (1-2 жас) және мектеп жасына дейінгі балаларға (3-5 жас) арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады.

Балалардың құзыреттілігі, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту жас ерекшеліктеріне сәйкес дағдылар мен біліктіліктерін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Оқу-тәрбие үрдісін жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формалары, әдістері мен тәсілдерінің және вариативтілікті қолданылуы ескеріледі.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының «16-тармағына» сәйкес 2026 жылғы 27 тамыздағы №1 әдістемелік кеңесінің шешімімем мектепке дейінгі ұйымда «№14 мектеп-гимназиясы» КММ вариативтік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама мектеп жасына дейінгі балаларда оқыту ойындарымен ойын – сауық жүйесі арқылы бастапқы-театр әлемі туралы білімді қалыптастыру процесін қамтамасыз етеді және барлық жастағы топтардың балаларына арналған.

Мектебімізде барлығы – 2 мектепалды сынып бар. Оның ішінде 2 мектепалды сыныпта да тәрбие мен оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

2026-2027 оқу жылына арналған жас топтарындағы балалардың тәрбие-білім беру қызметі келесідей:

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 20.12.2012 жылғы № 557 бұйрығына 2,3-қосымшаларына және 16.01.2025 жылғы № 7 бұйрығының 2,3-қосымшаларына сәйкес.

- «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспары» «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 жылғы № 7 бұйрығына 3-қосымша және 20.12.2012 жылғы № 577 бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес №14 мектеп-гимназиясы»КММ (2021 жылы туған балаларды жинақтау) мектепалды сынып болып табылады (5 жастағы балалар);

Вариативті компонент сағаттары төмендегідей бөлінген:

1 - сыныптарда аптасына 1 сағат оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту, логикалық, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, күрделі ұғымдарды қарапайым тәсілмен түсіндіру арқылы пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында «Сингапурлық математика» курсы оқытылады.

1 «Ә», «В» сыныпта аптасына 1 сағат оқушыларды шахмат ойынының негізгі ережелерімен, фигуралардың жүрісімен таныстыра отырып, логикалық ойлау, есте сақтау, зейін қою және шешім қабылдау дағдыларын дамыту мақсатында «Шахмат негіздері» курсы оқытылады.

2-сыныпта аптасына 1 сағат оқушылардың көпқадамды есептерді шешу, математикалық модельдер құру, нақты өмірмен байланысты тапсырмаларды орындау арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында «Сингапурлық математика» курсы оқытылады.

2-сыныпта аптасына 1 сағат Оқушыларға қазақ халқының ұлттық құндылықтары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ұлттық тағамдары мен ойындары туралы түсінік беру мақсатында «Ұлттық қазына» курсы оқытылады.

2 «А», «Ә» сыныпта аптасына 1 сағат Оқушыларды шахмат ойынының негізгі ережелерімен, фигуралардың жүрісімен таныстыра отырып, логикалық ойлау, есте сақтау, зейін қою және шешім қабылдау дағдыларын дамыту мақсатында «Шахмат негіздері» курсы оқытылады.

3-сыныпта аптасына 1 сағат Оқушылардың материалды нақты әрі жүйелі түрде меңгеріп, есептерді бірнеше тәсілмен шешуге үйрету. Сандық операцияларды дұрыс орындау, сандар арасындағы байланыстарды түсіну және математикалық ұғымдарды өмірмен байланыстыра білу қабілетін қалыптастыру мақсатында «Сингапурлық математика» курсы оқытылады.

4-сыныпта аптасына 1 сағат Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, математикалық түсініктерді терең әрі жүйелі меңгеру және мәселені шешу дағдыларын қалыптастырып, әртүрлі есептерді дұрыс талдап, шығармашылық тәсілмен шешуге үйрету мақсатында «Сингапурлық математика» курсы оқытылады.

Гимназиялық компонент сағаттары төмендегідей болінген:

1 «А», 1 «Ә» сыныптарында 1 сағаттан **«Ұлттық қазына»:**Оқушыларды халқымыздың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен және материалдық-рухани мұрасымен таныстыру арқылы ұлттық сана-сезімі мен патриоттық сезімін қалыптастыру. **«Жас зерттеуші»:** Балалардың зерттеушілік дағдылары мен логикалық ойлауын дамыту, қоршаған ортаны бақылау, қарапайым тәжірибелер жасау және жобалық жұмыс істеуге баулу. **«Жас оқырман»:** Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиетті түсініп оқу, сөздік қорын байыту және сыни ойлау қабілетін жетілдіру. **«Мен – өлкетанушы»:** Туған өлкенің тарихы, табиғаты мен мәдениетін зерттеу арқылы оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін, танымдық белсенділігі мен туған өлкесін мақтан ету сезімін дамыту. **«Театрлық ойын»:** Оқушылардың актерлік шеберлігін, сахналық мәдениетін, дикциясы мен шығармашылық қиялын сахналық қойылымдар мен ролдік ойындар арқылы шыңдау.

2-сыныпта аптасына 1 сағаттан: **«Ұлттық қазына»:**Қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары мен ауыз әдебиеті үлгілері арқылы оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейту және құндылықтарды дамыту.

«Жас зерттеуші»:Табиғат құбылыстарын бақылау, қарапайым бақылау карталарын толтыру және тәжірибелер жүргізу арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын арттыру. **«Жас оқырман»:**Мазмұндау, мәнерлеп оқу және кейіпкерлерді талдау арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын, сөздік қорын және сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. **«Мен – өлкетанушы»:** Өз қаласының (ауылының), көшелері мен табиғатының тарихын зерделеу арқылы оқушылардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігі мен қамқорлық қатынасын баулу. **«Театрлық ойын»: е**ртегілерді сахналау, дауыс интонациясы мен мимиканы дамыту арқылы оқушылардың ортада өзін еркін ұстауына және эмоционалды интеллектін жетілдіруге көмектесу.

3-сыныпта аптасына 1 сағаттан **«Жас зерттеуші»:**Ақпаратты өздігінен іздеу, себеп-салдарлық байланыстарды табу және шағын жобаларды қорғау арқылы логикалық және зерттеушілік дағдыларын дамыту. **«Жас оқырман»:** Түрлі жанрдағы matiндерді (ертегі, мысал, әңгіме) талдау, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру арқылы оқу сауаттылығы мен сыни ойлауын шыңдау.

«Мен – өлкетанушы»: Өңірдің (Қарағанды облысының) тарихи орындары, белгілі тұлғалары мен табиғи ресурстарын зерттеу арқылы туған өлкеге деген мақтаныш пен отансүйгіштігін арттыру. **«Театрлық ойын»:** Шағын драмалық шығармалар мен мысалдарды ролге бөліп сахналау арқылы оқушылардың шешендік өнерін, қорқынышсыз сөйлеуін және топтық шығармашылығын дамыту.

4-сыныпта аптасына 1 сағат: **«Жас зерттеуші»:** Ақпаратты жүйелеу, гипотеза ұсыну, салыстырмалы талдау жасау және дайын зерттеу жобаларын көпшілік алдында қорғау дағдыларын жетілдіру. **«Жас оқырман»:** Күрделі мазмұнды және ғылыми-танымдық мәтіндерді талдау, авторының негізгі ойын анықтау, өз көзқарасын дәлелдеу арқылы оқу сауаттылығы мен ақпараттық мәдениетін дамыту. **«Мен – өлкетанушы»:** Өңірдің (Қарағанды облысының) тарихи-мәдени нысандарын, өндірісін және экологялық жағдайын зерттеу арқылы оқушылардың туған өлкеге деген жауапкершілігі мен отансүйгіштігін арттыру. **«Театрлық ойын»:** Әдеби шығармалар мен тарихи оқиғаларды сценарийге айналдырып сахналау, импровизация және көпшілік алдында сөйлеу шешендігін жоғары деңгейде дамыту.

Оқытудың негізгі сатысы бойынша гимназия компонентінен:

5-7 сыныптарда «Конституция негіздері» 0,25 сағат, «Заң және тәртіп» **8 сыныпта** 0,25 және **9 сыныпта** 0,5 сағат, **5-8 сыныптарда** «Жеке қауіпсіздік» 0,25 және **9 сыныпта** 0,5 сағат енгізілді.

5–9 сыныптарда «Дене шынықтыру:спорттық ойындар» 1 сағаттан енгізілді.

Негізгі мектептің басты оқыту міндеті – гимназияда оқыту үшін қажетті базалық білімдері мен әрекет тәсілдерін меңгерту үшін жағдайлар жасалған.

«Бұқартану» курсы - оқушыларға Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығын терең таныту, жырау мұрасындағы елдік, бірлік, отансүйгіштік идеяларды меңгерту, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу және тарихи-әдеби танымын қалыптастыру.

«Scratch-та ұлттық құндылықтар әлемі» курсы- Оқушылардың ұлттық құндылықтар негізінде шығармашылық ойлауын, логикалық қабілеттерін дамыту және Scratch бағдарламасы арқылы оларды цифрлық ортада бейнелей білуге үйрету.

«Өлкетану» курсы- өлкеміздің табиғат жағдайлары мен ресурстарының алуан түрлілігімен, халқы және шаруашылығымен,онда тұратын халықтың тарихы және мәдениетімен таныстыру.

«Туризм және өлкетану географиясы», «Әлемнің таңғажайып табиғи нысандары» курсы- Қазақстандағы және туған өлкенің туристік нысандарын таныстыру.

